# Жалағаш жаршысы

№73 (10166)
27 қыркүйек,
сенбі
2025 жыл

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

*Аудандық қоғамдық-саяси газет*

*Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады*


**Президент**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:**

## Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты

**Мемлекет басшысы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен технология барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы бар мәселе екеніне назар аударды.**



– Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сын-қатерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір – инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл – аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсекелестік те күшеюде, бұл – түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет, – деді Президент.

Президент Жолдауында алдымызға айқын мақсат қойылғанын айтты. Соған сәйкес Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде цифрлық ел болуы керек, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, оны барлық салаға енгізу қажет. Сондай-ақ Президент еліміздің келешегі жарқын болғанын қаласақ, жоғары технология мен жасанды интеллектіні қазірден бастап тиімді пайдалану керек екенін атап өтті.

Иә, Президент айтқандай, соңғы жылдары елімізде ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестицияның бес есеге өсуі – соның айқын дәлелі. Зерттеу университеттері көбеюде, олардың өндіріспен байланысы да нығаюда. Бүгінде 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынған. «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» кешенді жүйесі орнығуда. Президент осы ретте бұл үрдіске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу қажеттігін қаперге салды.

Бүгінде әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнады. Елімізде 33 филиал ашылды. Технология парктері және инжиниринг орталықтары құрылуда. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісken. Ғалымдардың мүддесін қорғауға да баса мән берілуде. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданып, ғылымды басқарудың жаңа құқықтық негізі қаланды.

Мемлекет басшысы ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту аса маңызға иекенін жеткізді. Тіпті мұны басты назарда ұстау қажеттігін қаперге салды. Жас ғалымдарға барынша жағдай жасаудың да маңызын ерекше атап өтті. Алда бұл саланы ілгерілетуде әлі де көп жұмыс бар. Президент оны жүзеге асыруда жұмылып жұмыс жасауға шақырды.

Жиында атом саласын дамыту мәселесі талқыланды. Президент көтерілген маңызды мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта ескерілетінін айтып, өз пікірін ортаға салған ғалымдарға ризашылығын білдірді.

– Елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет. Біз түрлі салаға озық технологияларды енгізіп жатырмыз. Ауқымды жобалар қолға алынуда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет. Сондықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпыұлттық референдумда атом электр станциясын салу жөнінде шешім қабылдадық. Шын мәнінде, атом энергиясы – еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүние жүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан американдық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қатысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден астам ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады. Қазір 31 мемлекетте ядролық энергия өндіріледі. Бұл – әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салуды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық технологиясы бар елдермен ынтымақтастыққа баса мән береміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір жер қойнауын игерушілер өз табысының бір пайызын ғылымды дамытуға бөліп жатқанына мән берді. «Оны еліміздің технологиялық әлеуетін арттыруға үлес қосу деп түсінген жөн» деді. Енді Үкімет осы қаражаттың бір орталықтан үнемді, тиімді әрі ашық жұмсалуын қамтамасыз етуі керек.

Мемлекет басшысы ядролық медицинаны дамытуға да назар аударды. Ол озық ядролық технологияларды қолдану арқылы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін айтарлықтай арттыруға болатынын айтады. Бұл әсіресе онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу мүмкіндіктеріне жол ашады. Осы ретте Үкіметтің негізгі міндетін де айқындап берді. Енді отандық радиофармацевтикалық препараттарды әзірлеуді және қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ жетекші клиникалар мен университеттер жанынан ядролық медицина орталықтарының желісін құру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын енгізу арқылы экономиканы жан-жақты жаңғырту Жолдауының өзегі болғанын еске салды.

– Бұл міндет ғылым саласына, әсіресе атом секілді инновациялық бағытқа тікелей қатысты. Цифрлық шешімдер ядролық нысандардың қолданыс циклін ұтымды басқаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ шығынды азайтып, барлық процестің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырады. Жасанды интеллект аталған мүмкіндіктерді бірнеше есе күшейтеді. Қазіргі дамыған әлем жаңа технологиялық қалыпқа сәйкес түбегейлі экономикалық өзгерістер мен жаңғыру дәуіріне аяқ басты. Дәл осындай тарихи бетбұрыс кезеңінде көптеген ел өз мүмкіндіктерін жұмылдырып, дамуда зор серпіліс жасады, ғылыми-технологиялық жарыста алға озды. Сондықтан жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу – шын мәнінде, біздің ұлттық стратегиямыз. Еліміздің болашағы мен оның әлемдегі озық мемлекеттер санатында болуы осы идеяны жүзеге асыруға тікелей байланысты. Жаппай цифрландыру азаматтарымыздың тұрмыс сапасын едәуір жақсартып, Қазақстанның орнықты ғылыми-технологиялық прогресіне берік негіз қалайды. Аталған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне сенімім кәміл. Мұндай саясат жастар арасында кеңінен қолдау тауып жатыр. Өскелең ұрпақ заман талабын жақсы түсінеді әрі технологиялық жаңалықтарға ашық. Әйтсе де қоғамда бұл мәселеге және күн тәртібіндегі басқа да проблемаларға күмәнмен қарайтындар бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл біз үшін қалыпты жағдай. Алайда мұндай ой-пікірлерді де ескеру қажет. Бәзбіреулер үшін мұндай міндеттер нақты іске ұласпай, сөз күйінде қалатындай көрінуі мүмкін. Бірақ Жолдауымда анық айттым: біз үшін, жалпы еліміз үшін басқа жол жоқ, әйтпесе ілгерілеуден, прогрестен, яғни даму көшінен қалып қойсақ, қауқарсыз, әлсіз халық боламыз, сыртқы күштердің кемсітуіне ұшыраймыз. Бұл – жай бәсеке емес, мәселе – басқада. Түптеп келгенде, бұл – Қазақстанның дербес ел ретінде өміршеңдігі деген сөз, – деді Президент.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

**Мерей**

## Ел тірегі – берекелі отбасы

**2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленіп, 2014 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Биыл ауданымызда он бірінші рет өткізіліп жатқан мерейлі шараға 31 отбасы қатысуға ниет білдірген. Конкурс ережесінің талаптарына сәйкес 8 отбасының құжаттары қабылданды. Комиссия құрамының шешімімен үздік деп танылған 2 отбасының құжаты «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық кезеңіне ұсынылды.**




«Мерейлі отбасы» байқауы – берекесі ұйысқан шаңырақтарды насихаттауға бағытталған шара. Биыл 11-ші рет өткізіліп жатқан байқаудың тамыры тереңде. Жуырда ұлттық байқаудың облыстық кезеңінің жеңімпаздары анықталды. Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, отбасылық құндылықтың маңызы мен тәрбиелік тағылымы туралы айтып, республикалық кезеңге жолдама алған отбасыларды марапаттады.

– Отбасы – ұрпақтар сабақтастығы мен адам бойындағы рухани-адамгершіліктің бастауы. Тек берік отбасылық дәстүрге орныққан ел ғана мызғымас мемлекет бола алады. Елдің бірлігі мен ынтымағы ең алдымен отбасыдан бастау алады. Әке – шаңырақ иесі, ана – отбасының жүрегі, бала – ертеңгі болашағымыз. Осы үштаған бірлікте болса, мемлекетіміз қуатты, қоғамымыз тұрақты болады. Ұлт қайраткері Мағжан Жұмабаевтың «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн» деген тағылымды сөзі бар. Сіздер өнегелі ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Барлығыңыз да шынайы құрмет пен мәртебелі мадаққа лайықтысыздар. Өңірлік комиссияның шешімімен республикалық конкурста Жақсылық Дүйсенбайұлы Әбсадықовтың отбасы облысымыздың мерейін үстем етеді. Бүгінгі мерейлі күнде шаңырағында ізгі қарым-қатынас, игі дәстүрлер сақталып, өзара сыйластық салтанат құрған барлық отбасыға ризашылығымызды білдіреміз. Салтанатты сәтте әрбір отбасына жарасымдылық, шаттық, амандық пен бақ-береке тілеймін. Ата жолын жалғастырар мерейлі ұрпақ көбейе берсін, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Конкурс қорытындысымен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы облыстық кезеңінің бас жүлдесін Сырдария ауданының тұрғындары Әбсадықовтар отбасы иеленді. Ал аралдық Жақыповтар отбасына I орын, қармақшылық Әбілтаевтар әулетіне II орын, қызылордалық Арысбаевтар отбасына III орын берілді.

Аудандық кезеңнен облыстық кезеңге жолдама жеңіп алған Көшекбаевтар мен Еркінбаевтар отбасы арнайы номинация иеленді. Тарқатып айтсақ, Аққұм ауылының тұрғындары Көшекбаевтар отбасы «Өнегелі отбасы» номинациясына лайық деп танылды. Отбасының отағасы Айтжан Көшекбаев ағамыз – ауыл шаруашылығы саласының ардагері. 2012 жылы 65 жасында дүниеден өткен. Жолдасы Аманкүл Мирманова – еңбек ардагері, 10 бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Еңбекке ерте араласқан анамыз 1969 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін қызметін абыроймен атқарған. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарды, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып келе жатқан бұл мерейлі отбасы – 36 немере, 27 шөбере өрбіткен өнегелі әулет. Бұл отбасының егін саласының дамуында өзіндік қолтаңбасы бар, бір сөзбен айтқанда, шаруаға бейім.

Үлгілі отбасынан өрбіген ұл-қыздары – бүгінде әр шаңырақтың туын ұстаған жоғары білімді, сан-салалы мамандық иегерлері. Мәселен, қыздары Ботакөз Айтжанқызы Алматы қаласы Медеу ауданындағы Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп лицейінде оқу ісі жөніндегі меңгеруші болып жұмыс жасайды. Ол осыған дейін ҚР білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлерінің «Алтын кітап» энциклопедиясына енген. «Алтын адам» төсбелгісінің иегері. Тағы бір қызы – Гүлжайна Айтжанқызы. Ол – Аққұм ауылдық клубының басшысы. Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, «ҚР мәдениет саласының үздігі», «Жеті өнер» шығармашылық орталығының «Мәдениет майталманы» төсбелгісінің иегері.

«Еңбек еткенге ғана бақыт басын иеді» демекші, Көшекбаевтар әулеті – Сыр өңірінің әлеуетін арттыруда маңызды шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, игі бастамаларға мұрындық болып жүрген үлгілі отбасылардың бірі.

Байқаудың аудандық кезеңінде I орын иеленген жаңадариялық Еркінбаевтар әулеті облыстық кезеңде «Ынтымақты отбасы» номинациясын жеңіп алды. Мерейлі отбасының отағасы Наржігіт Еркінбаев – тыл ардагері, ауылшаруашылығы саласының үздігі. Жолдасы Зейнегүл Еркінбаева апаймен отау құрып, 9 бала, 38 немере, 34 шөбере тәрбиелеп өсірген мәуелі бәйтерек. Шаңырақтың шаттығын кіргізіп, отбасылық құндылықтарды дәріптеп жүрген өнегелі отбасының балалары түрлі салада елге қалтқысыз еңбек етуде.

Береке-бірлігі мығым, өмір жолын өнегемен өрген отбасылардың сара жолы – жас ұрпаққа қашан да үлгі-өнеге.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**

**Ел жаңалықтары**

**ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің хабарлауынша, қазір елімізде жасанды интеллект бойынша жалпы құны 9,7 млрд теңгені құрайтын 62 жоба жүзеге асырылуда. Министр Үкімет мақсатты және гранттық бағдарламалар арқылы жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді жүйелі түрде қолдап келе жатқанын атап өтті.**

## ЖИ жобалары: 10 млрд теңге бөлінген



Негізгі іске асырушылар қатарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты, Астана IT университеті және басқа да жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар бар.

Саясат Нұрбек 26 жобаны 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар жүзеге асырып жатқанын мәлім етті . Сөзінше, бұл жаңа буын зерттеушілерінің белсенділігін көрсетеді. Жобалар ғылымның жеті басым бағытын қамтиды. Соның ішінде жасанды интеллект зерттеулері негізінен озық өндіріс, цифрлық технологиялар және ғарыш саласына бағытталған. Қазір 11 облыста 27 жоғары оқу орны мен 6 ғылыми-зерттеу институты ЖИ саласында белсенді жұмыс істеп отыр. Барлығы 479 ғалым зерттеулерге қатысады.

Жобалардың ең көбі Алматы мен Астанада шоғырланған. Аймақтық университеттер де осы саланы дамытуға қызығушылық танытқан. Бірақ олардың қатысу деңгейі әлі де шектеулі.

## Интернет-алаяқтықтың алдын алу шаралары күшейтілді

**Бүгінде интернет-алаяқтық қылмыстары қоғам үшін ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Азаматтардың қаржысын жымқырудың түрлі әдістерін қолданатын қылмыскерлерге тосқауыл қою мақсатында өңірде жүйелі профилактикалық шаралар жүргізілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының полиция департаменті Киберқылмыспен күрес басқармасы бастығының орынбасары Тимур Хамитов мәлімдеді.**



Тимур Хамитовтың сөзінше, жыл басынан бері облыс аумағында интернет-алаяқтыққа қатысты 118 қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде 41 іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған. Қазіргі уақытта ең жиі кездесіп отырған тәсіл – өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, азаматтарды алдау. Мұндай жағдайда қылмыскер жәбірленушіге хабарласып, оның атындағы есепшотқа шабуыл жасалғанын немесе төлем картасындағы қаржысын жымқырып жатқандар бар екенін айтады. Кейін «қауіпсіз есепшотқа» қаражатты аударуды талап етеді.

Сондай-ақ алаяқтар TeamViewer немесе AnyDesk сияқты арнайы бағдарламаларды жүктеп алуға көндіреді. Аталған қосымшалар арқылы олар жәбірленушінің телефонына қашықтан кіріп, банк қосымшасын толықтай басқара алады. Бұл ретте депозиттегі қаржыны шешіп алып қана қоймай, кез келген сомада онлайн несие рәсімдеп, түскен ақшаны өздерінің есепшотына аударып жіберу олар үшін қиын емес.

Интернет-алаяқтықтың тағы бір кең тараған түрі – әлеуметтік желілерде жалған парақшалар ашып, тұрмыстық заттарды сату немесе қызмет көрсетуді уәде етіп, алдын ала төлемді алып жоғалып кету. Сондай-ақ WhatsApp мессенджері арқылы таныстардың фотосын пайдаланып, қарызға ақша сұрау деректері де жиілеген.

– Осы орайда тұрғындарға күдікті қоңыраулар мен хабарламалар түскен жағдайда ешқашан жеке деректерін бермеуді, банк картасы мен қосымшаға қатысты құпия кодтарды айтпауды ескертеміз. Ең бастысы, банк атынан хабарласқан белгісіз адамдарға сенбей, бірден ресми сенім телефондарына қоңырау шалған жөн, – деді Тимур Зуфарович.

Алтын ұя

# Жаңа жобалармен жаңғырған білім ордасы

**Кеше әріптесім Гүлжан Бахытбекқызы екеуміз білім бәйгесінде биіктен көрініп жүрген Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейіне арнайы барып, тыныс-тіршілігімен таныстық. Мектепке кірген сәттен жылы шыраймен қарсы алған директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары Гүлнар Смайлова бізді мектеп директорымен таныстырды. Директормен бірге оқушылардың білім бәйгесінде жеткен жетістіктерімен танысып, атқарылған жұмыстарды сараладық.**






Айнұр Айбосынова басқарып отырған білім ордасы 1988 жылы 107 оқушыға лайықтап салынған. Мектеп 2021 жылы ұлы ғалым, ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби есімімен аталған. Бүгінде отыз жылдан астам тарихы бар мектеп-лицейде 152 ұстаз бар. Оның 41-і педагог-зерттеуші, 55-і педагог-сарапшы, 41-і педагог-модератор мәртебесін иеленген.

Жаңа оқу жылында білім ордасы 1053 оқушыға құшағын айқара ашты. Оның 93-і мектепалды даярлық тобына қабылданса, 115-і алғаш мектеп табалдырығын аттаған бірінші сынып бүлдіршіні. Ең алғаш әріп танып, білімге деген құштарлықты оятуда бастауыш сыныптың атқаратын рөлі зор. Себебі бастауыш саты – оқушы өмірінің алғашқы баспалдағы, білім мен тәрбиенің қалыптасу бастамасы. Осы ретте Айнұр Шыңғысқызы мектепте бірнеше жылдан кейін 1-ші сынып оқушыларына арнап 6 класс ашылғанын айтты.

Келер жылы аталған алтын ұяда 74 оқушы мектеп бітіреді. Мектеп директоры әзірге түлектердің 100 пайыз ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға ниетті екенін айтады. Оның ішінде 6-ауы «Алтын белгіге», 3-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер екен. Былтырғы оқу жылында аудан бойынша білім сынағынан ең жоғары баллды жинаған да осы білім ошағының түлектері. Мектеп директоры бұны білікті ұстаз бен шәкірттерінің үздіксіз дайындығы, бірлесе жұмыс жасауымен байланыстырады.

– Былтыр мектеп табалдырығынан 65 оқушыны түлеттік. Оның 64-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 47-сі жоғары оқу орнында оқуға білім грантын жеңіп алды, ал 15-і ақылы жоғары оқу орнына, 3-еуі арнаулы оқу орнына грантқа түсті. Сондай-ақ 3 оқушы «Үздік аттестат», 5 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды. Биылғы түлектер де алдыңғы буынның жолын жалғап, үмітімізді ақтайды деп сенеміз. Жаңа оқу жылы басталысымен ҰБТ-ға тыңғылықты дайындықты бастадық. Жақында ғана оқушылар Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, алғаш рет тест тапсырып қайтты. Нәтиже жаман емес, алдағы уақытта әлі де жүйелі жұмыс жасаймыз, – дейді Айнұр Шыңғысқызы.

Біз барғанда мұнда ауыл мектептеріне арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі өтіп жатыр екен. Мектеп директорының айтуынша, олимпиада 3 күнге созылады. Олимпиаданың алғашқы күні оқушылар химия, физика, информатика, математика пәндері бойынша білімдерін саралауда. Айта кетейік, мектептен олимпиадаға 105 оқушы қатысуда.

**Білім бәйгесінің озаттары**

Былтырғы оқу жылы бұл мектеп үшін жемісті болды десек, қателеспейміз. Себебі мұндағы 15 оқушы облыстық пәндік олимпиадаға қатысып, 10 оқушы жеңіс тұғырынан көрінген. Ал ауыл мектептеріне арналған республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде 14 оқушы жүлделі орын иеленіп, республикалық кезеңге 8 оқушы жолдама алған. Нәтижесінде оқушылар екі алтын, екі күміс, төрт қола жүлдемен оралған.

Білім ордасы республикалық кезең қорытындысымен «Ең үздік ауыл мектебі» атағын қатарынан екі жыл иеленген, яғни 2023-2024 оқу жылында да мұндағы білім алушылар үздіктер қатарынан көрініп, елімізде алғаш рет өткен ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың республикалық кезеңінде оқушылар 4 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлде иеленіп, Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі республика бойынша үздік 10 мектептің құрамына еніп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ең үздік ауыл мектебі» атағымен марапатталған болатын. Сондай-ақ облыста өткен тамыз конференциясында да дәл осы мектеп «Үздік ұйым» грантын жеңіп алып, 34 млн теңгенің сертификатын иеленген. Сонымен қатар оқушылардың жазғы тынығуын тиімді ұйымдастыру мақсатында міндетті оқу қоры есебінен кенттегі «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 30, Шымкент қаласындағы «Қуаныш» лагеріне 5, Алматы қаласындағы «Таужанашары» лагерінде 3 оқушы демалып қайтты. Ал дәстүрлі түрде өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында биыл 72 оқушы қамтылған. Оның 7-еуі кәсіподақ ұйымының, 30-ы ерікті демеушілікпен, және 12 оқушы «Amanat» партиясының демеушілігімен, 23 оқушы мектеп ұжымының демеушілігімен киім-кешек, оқу құралмен қамтамасыз етілген.

Былтырғы оқу жылы қарсаңында «Қазақстан халқына» қоры есебінен іргелі білім ордасына 250 млн теңге бөлініп, оқу кабинеттері мен зертханалар жаңадан жабдықталды. Айта кетейік, «Қазақстан халқына» ұлттық қорынан бөлінген қаржыға мектеп-лицейдің 21 пәндік кабинет, 56 моноблок, 18 интерактивті панель, заманауи кітапхана, спорт зал, коворкинг аймағы, арт студия, қыш студия, телестудия, робототехника және STEM зертханалары, шахмат кабинеттері толық жабдықталды.

STEM кабинетіндегі үйірмеге 5-9 сынып аралығындағы 80-ге жуық оқушы келіп, түрлі жұмыстар жасап, роботтар құрастырады. Мұнда әртүрлі пішіндер жасап шығаратын 3D принтер бар. Оның көмегімен роботқа қажетті бөлшектерді де жасауға болады. Сондай-ақ мұнда бастауыш сынып оқушыларына арналған роботтар, дрон, арнайы бейнекамерасы бар роботтар бар.

Барлық оқу кабинеті жаңа құрал-жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ мұнда «Өндірістік оқу комбинаты» ашылып, «Аспазшы», «Тігінші» үйірмелері жұмыс жасауда. Мұнда 9-11 сынып оқушыларынан 50-ге жуық оқушы қатысып, қолдарынан шыққан өнімдерін жәрмеңкеге қою арқылы оқушыларға ұсынады.

**Оқушылар домбыраның құлағында ойнайды**

Білім ордасының өзгелерден тағы бір ерекшелігі, мұнда «Мұрагер» сыныбы бар. Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры, белгілі күйші-композитор Абдулхамит Райымбергеновтың бастамасымен 2003 жылы жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің оқушыларына арнап «Мұрагер» бағдарламасы жасалған. Ал 2007 жылдан бастап бұл бағдарлама ауданда тек осы мектептің ғана оқу үрдісіне енгізілген. 18 жылдан бері ұлттық өнермен сусындап жүрген жас өрендер сыныбының қатары жыл сайын артуда. Қаймағы бұзылмаған киелі өнердің жалғаушысы, қазақтың қара домбырасын жанына серік еткен бүлдіршіндірмен де танысып қайттық.

– «Мұрагер» сыныбы деп 1 мен 4 сынып аралығында таңдалып алынған оқушыларды атаймыз. Ал 5 сыныптан жоғары оқушылар «Домбыра» сыныбы деп аталады. Қазір әріптесім Алтын екеуміз 4 «Мұрагер» сыныбына сабақ беру арқылы оқушыларды ұлттық құндылыққа бейімдеп, қазақтың өнерін әрі қарай жаңғыртып отырмыз. Бұл бағдарламаның да басты мақсаты осы, балаларға домбыра үйрету арқылы олардың өнерге деген ынтасын арттыру. Биыл жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын алғаш аттаған екі бірінші сыныпты «Мұрагер» сыныбына қабылдадық. Екі сыныпта 39 бала бар, – дейді Серікқүл Құлысбаева.

Музыка пәні мұғалімінің айтуынша, сабақ ең қарапайым жаттығу түрінен басталып, жеңіл әндер мен күйлер үйрету арқылы шығармашылық қоржындары жылда толыға түседі. «Мұрагер» сыныбындағы балалардың барлығы домбыраның қыр-сырын ұғып, қос ішектен төгілген күйлерді аса ұқыптылықпен орындайды. Олар аудандық, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындармен оралып жүр. Мәселен, 4 сынып оқушысы Ғафур Нұрлан республикалық «Бозторғай» балалар шығармашылығы фестивалінде бас жүлде жеңіп алған. Сондай-ақ «Мұрагер» сыныбынан шыққан 5 қыздан құралған «Қыздар-ай» тобы да бар. Олар – дәстүрлі ән бойынша облыстық телевизиялық «Ботақан» фестивалінің дипломаттары. Топқа Алтын Жаңашева жетекшілік етеді. Дарынын ынта-жігермен ұштастырып жүрген озаттар – бір ғана мектептің емес, тұтас ауданның мақтанышы.

**Бала қауіпсіздігі – басты назарда**

Өздеріңіз білетіндей, қазір мектептерде бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үлкен үзілісте тегін ыстық тамақ ішеді. Әрине, бұл – қуантарлық жәйт. Себебі бір мезгіл берілетін ыстық тамақ балалардың жақсы өсіп, дамуына үлкен септігін тигізеді.

Мектеп директорының айтуынша, міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен 476 бала қамтылған. Оның ішінде 360-ы 1-4 сыныпта оқиды. Жалпы мұнда балаларды ыстық тамақпен қамту бір жолға қойылған. Мектеп асханасындағы аспаздар ас мәзіріндегі тамақтарды дәмді етіп дайындап, оқушылардың құнарлы ыстық тамақпен қамтылуына ден қойған. Ал бұл жұмыстар мектеп директорының күнделікті бақылауында. Балаларға берілетін тағамның құнарлы болуын аталған мектеп ұжымы естен шығарған емес.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**

# Білікті маман

**Марал Ниетқұлова – еңбек жолын ауыл балаларына білім беруден бастаған білікті маман. Ең алғаш Ақсудағы алтын ұяда жұмыс істеген ол бүгінде әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде оқушыларға химия пәнінен сабақ беруде. Озат оқушы шыңдауды басты мақсат еткен кейіпкеріміздің шәкірттері бүгінде республикалық олимпиадаларда топ жарып жүр.**



Ес білгелі есепке жүйрік болған кейіпкеріміз қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық иесі болуды жүрек қалауымен таңдаған. 20 жылдан аса білім саласында ұстаздық қызметті абыроймен атқарып жүрген оның алғашқы шәкірттері бүгінде өзімен қатар аталған мектепте білім беруде.

Білікті маманнан білім алған оқушылардың бүгінде жеткен жетістіктері көп. Алды ұстаз болып, елге елеулі қызмет етсе, соңғы буын алтын ұяда білім алуда.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді. Марал Қуанышқызынан білім алған оқушылар аудандық, облыстық, республикалық білім бәйгелерінде дарынымен дараланған. Ұстаздық жол – өте ауыр жол. Ол – сабырлықты, ізденісті, білімді, табандылықты талап ететін сала. Бұл сөзімізді кейіпкеріміз де жоққа шығармады. Әр оқушының шамшырағын жағып, білімге деген қызығушылығын арттыру әрбіз ұстаздың басты міндеті екенін естен шығармаған ол оқушылардың оқуға деген құлшынысын арттыру үшін әр сабақ сайын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді. Нәтижесінде оның шәкірттері пәндік олимпиада, ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары көрсеткіш көрсетуде. Нақтырақ айтсақ, былтырғы оқу жылында шәкірті Нарқыз Төлепберген облыстық пәндік олимпиаданың жеңімпазы атанған. Сондай-ақ ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың жеңімпазы атанып, мектептің ғана емес, бүтін бір ауданның абыройын асқақтатты.

– Республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңінде оқушым кішкене кедергілерге тап болып, алғашқы да сәтсіздікке ұшырады. Сол кезде ол «химия пәні маған жетістік әкелмейтін сияқты» деп көңіл күйі түсіп жүрді. Десе де оқушыға мотивация беріп, дайындықты тоқтатпай, үздіксіз жүргізуді жалғастырдық. Олимпиадаға қатарынан екі жыл қатыстық. Нәтижесінде алғашқы жылы олимпиаданың жеңімпазы атанса, келер жылы II орынға тұрақтады. Әуелі Алланың, одан кейін күндіз-түні дайындалған тынымсыз еңбегімізбен, екінші анамның берген ақ батасы сеп болды деп ойлаймын. «Әйтеуір орынға іліксек болар» деп жүргенде анамның «бас жүлдемен оралыңдар» деген ақ батасы шәкіртім екеумізге үлкен күш берді. Бар мақсатым – бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру, – дейді Марал Қуанышқызы.

Кейіпкеріміз ізінен ерген жас ұстаздарға шәкіртпен бірге сынбай, керісінше оларға қолдау көрсетіп, алға қарай ұмтылуды тоқтатпауға кеңес берді. Сонда ғана тынымсыз еңбек өз жемісін бермек.

Кімде-кім қандай да бір үлкен жетістікке жетсе, әрине, оның артында ұстаздың тамшыдай болса да үлесі бары анық. Кейіпкеріміз Марал Ниетқұлова уақытпен санаспай, әлде де күндіз-түні оқушының талантын ұштап, талабын шыңдауда қажырлы еңбек ете бермек.

**Гүлжан ЕСЖАН**

Озат оқушы

**«Армысыздар, эфирде мектеп жаңалықтары. Студия тізгіншісі – мен Бақдәулет Жадырасын. Білім ордасында апта басынан бері атқарылған жұмыстар мен оқушылар жетістігін бірге тарқатайық...» Мектеп тынысымен танысып жүріп, жақында ғана ашылған телестудия кабинетінің алдынан осы дауысты естіп, аялдауды жөн көрдік.**

# Білімді Бақдәулет



Бақдәулет Жадырасынұлы – биыл бітіруші түлек. Оның таңдауы география-математика пәніне түскен. Қаржы саласының маманы болуды көздеп отыр. Ол 7 сыныптан бері Қазақстан тарихы пәні бойынша ғылыми жоба, пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орын иеленіп келеді. Былтырдан бастап аталған пән бойынша ауыл мектептеріне арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға да қатысуда.

– Жасыратыны жоқ, Қазақстан тарихы пәніне алғашқыда аса қатты қызығушылық танытпайтынмын. Десе де 7-ші сыныптан бастап осы пәнді қолға алып, тереңінен білім алуға тырыстым. Себебі алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуге бұл пәннен 20 сұрақ келетінін ескеріп, осал тұсымды жақсартуды ойладым. Нәтижем жаман емес, 10-шы сыныптан бері ҰБТ-ға дайындықты бастадым. Мақсатым – алдағы үлкен білім сынағынан сүрінбей, жоғары балл жинап, Қазақстан тарихынан келетін 20 сұраққа толық дұрыс жауап беру, – дейді озат оқушы.

Жақында ғана ол Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, алғаш рет тест тапсырып қайтты. Нәтижесінде 77 балл жинаған. Ол тестілеу барысында кездескен сұрақтардың қиындығын, тереңдетілген тапсырмалар келгенін айтады. Сондықтан дайындықты одан әрі күшейтіп, үздіксіз жүргізуде.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, кейіпкеріміз спортта да мектеп дәрежесін асқақтатып жүр. Ол – 9-сыныптан бастап мектептегі футбол құрамасының белді ойыншысы, команданың аудандық біріншілікте II, III орын алуға өз септігін тигізген.

– Бақдәулет – оқу үздігі. Өзіне берілген тапсырмаларды тиянақты, уақытылы орындайды. Мектепте өтетін іс-шараларға белсене араласып, қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қарайды. Оқушылар арасында беделді, білімімен жан-жақты оқушы екенін көрсетіп жүр. Бақдәулет секілді үздік оқушым бар екенін үнемі мақтанышпен айтып жүремін. Бұйыртса, алдағы білім сынағынан да жоғары балл жинап, сенімімізді ақтайды деп ойлаймын, – дейді сынып жетекшісі Латифа Алданиязова.

Иә, Бақдәулет білім ордасында оқушылар арасында беделді. Мәселен, ол былтыр мектеп оқушылары арасында Парламент ұйымының президенті болып тағайындалған. Телестудия ашылғаннан ойланбастан осында келіп, камерамен жұмыс жасауға қызыққан. Нәтижесінде ол – бүгінде «Мектеп жаңалықтары» хабары мен «Ақылды бейсенбі» жобасының жүргізушісі. Ол мектепте өткен облыстық семинарларға сырттан келген қонақтардан сұхбат алып, өз-өзін шыңдауда. Алғашқыда камерадан қорқатын кейіпкеріміз телестудияға келгелі бойындағы қорқынышын жеңіп, өзінен кейінгі іні-қарындастарын да осы салаға баулуда. Мұндағы «Мектеп жаңалықтары» жобасы әр аптаның жұма күні жарыққа шығады, яғни мектептің ютуб желісіндегі арнайы канал арқылы көрерменге жол тартады. Бұл жаңалықта мектепте өткізілген мерекелік іс-шаралар, оқушылардың жеткен жетістіктері кеңінен тарқатылып айтылады.

– Бұл телестудияның оқушыларға тигізіп жатқан пайдасы мол. Біріншіден, мұнда кез келген оқушы келіп, жұмыс жасай алады, яғни қандай да бір жарысқа қатысатын болса, осы жақтан сапалы бейнеролик түсіріп беруге атсалысамыз. Сондай-ақ облыстық, республикалық жарыста топ жарған жастарды студияға арнайы қонаққа шақырып, сұхбат аламыз. Бұл – әрине, басқа оқушыларға үлкен мотивация, – дейді Бақдәулет Жадырасын.

Жоғарыда айтып өткенімдей, мұнда оқушылардың бастамасымен «Ақылды бейсенді» жобасы жұмыс жасауда. Мектепте 2021 жылы алғаш рет Парламент ұйымы өз жұмысын бастаған. Алғашқы президенті болып Нәзия Еркінова сайланған. Сол оқушының бастамасымен «Ақылды бейсенбі» жобасы 2021 жылы қолға алыныпты. Ол жылдары қазіргідей қажетті құрал-жабдықтар болмаса да, оқушылар қолдарындағы ұялы телефон арқылы жобаны жүргізіп отырған. Бүгінде алдыңғы буынның жолын жалғап, жүйелі жұмыс жасап отырған Бақдәулет – Парламент ұйымының төртінші Президенті.

Айта кетейік, телестудияда 10-ға жуық оқушы жұмыс жасайды. Бірі диктор, оператор, монтажер болса, енді бірі жарыққа, дыбысқа, сульфлерға жауапты. Ал үйірмеге 30 оқушы тартылған. Олар сабақтан тыс уақытта студияға келіп, камера алдында өздерін еркін ұстауды, сапалы видеоны қалай түсіріп, оны өңдеу керектігін үйренеді. Жалпы студия кез келген оқушыға құшағын айқара ашады. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетейін, аудандағы білім ошақтарында қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған телестудия тек осы мектепте ғана бар. Сондықтан мұнда басқа мектептің оқушылары жиі келіп, студия жұмысымен танысады. Әңгіме барысында Бақдәулет басқа мектептің оқушыларымен де жақсы байланыс орнатқандарын, оларға қандай да бір көмек керек болса, қуана көмектесіп, бірлесіп жұмыс жасайтындарын да жеткізді.

Жалпы студияның жұмысы жүйелі. Қолға алынған жобалар оқушылардың емес, кәнігі журналистердің жұмысымен тең дерсің... Бақдәулет Жадырасынұлы бұл жұмыстар әлі де жалғасын тауып, алда жарқын жобалар жарық көретініне сенеді. Жаңа оқу жылынан бастап студия жұмысын Бақдәулеттен кейін сайланған Парламент президенті Ғайникамал Қалдыбай қолға алған. Қазіргі таңда бар назарын ұлттық бірыңғай тестілеуге аударған кейіпкеріміздің басты мақсаты – өзіне артылған сенімді ақтау. Ұстаздарының мақтанышына айналып, мектеп мерейін үстеп еткен Бақдәулеттің бағындарыр белесі биік екеніне сенімдіміз.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Тарих

# Азаттық үшін күрескен Асау-Барақ

**Халқының азаттық жолында күрескен атақты батырлар аз емес. Көзі тірісінде әулие атанған әкелі-балалы қос батыр жөнінде әңгімелемекпіз. Олардың азаттық жолындағы күресі отандық және ресейлік архивтер қорларында сақталған.**



Барақ Сатыбалдыұлы (1743-1840) мен Асау Барақұлы (1763-1843) да халқының азаттығы жолында күрескен, түрлі қоғамдық-саяси оқиғаларға жас кезінен араласып, бар ғұмырын ел мүддесі жолындағы іс-қимылға арнаған тұлғалар саналады.

Барақ батыр шамамен Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Кіші жүздегі Шөмішті Табын руының Қарақойлы-Лабақ бөлімінен. Өз жұртының ғана емес, Хорезм мен Орынбор арасындағы өзбек, түрікмен, қарақалпақ, башқұрт ұлыстары ішінде де есімі аса мәшһүр болған. Сондай-ақ Барақтың Асаудан басқа Қитар, Жәнібек есімді ұлдары да белгілі батырлар мен билер екен. Жалпы әулетінен әскери-билеуші санатындағы жандар өте көп шыққан. Олардың ішінен үш азаттық күреске қатысып, соның екеуіне жетекшілік еткен, көзі тірісінде әулие атанған атақты Дәуіт Асауұлын (1787-1874) атар едік.

Барақ Сатыбалдыұлының алғашқы ерлігі ел аузындағы әңгімелер желісіне арқау болған. Кеңінен тараған әрі бірнеше нұсқасы сақталған, көркем тілді «Барақ батыр» тарихи жырындағы (жыр нұсқалары жүз томдық «Бабалар сөзінің» 60-томында берілген) мәліметте Барақтың 18 жасында қалмақтың атақты батыры Алакөбікті жекпе-жекте өлтіргені айтылады.

Барақ батырдың қайраткерлік кезеңі 1783-1797 жылдары аралығындағы Сырым Датұлы бастаған көтеріліс болды. Ұзақ жылдарға созылған бұл күрес бүкіл Батыс Қазақстанды қамтыған, оқиғаларынан бірде-бір қауым қалыс қалмаған, заманында ең атақты деген би-батырлардың басын қосып, дүйім жұртты елеңдеткен ұлы жорық болған еді. Сырымның жақын қарулас серігі Барақ – осы көтерілістің бас сардарларының бірі. Ол Сырым көтерілісі тұсында орыс шептеріне жасалған барлық шабуыл мен жорыққа қатысып, басқа да сардарлармен бірге шептегі бекіністерге көптеген шапқын ұйымдастырады. Архивтегі құжаттардың бірінде Барақтың қол астында 2 мың сарбаз болғаны айтылады. 1783 жылы желтоқсан айының соңында Сырым мен Барақ бастаған 700 сарбаз Генварцовский мен Рубежинский форпостары арасындағы орыс елді мекендеріне шабуыл жасайды. 1785 жылдың қаңтарында Орынбор оберкоменданты, генерал-майор Я.М.Зенбулатов жазалау әскерінің командирі майор Смирновқа басқа күрес жетекшілерімен бірге Барақты да отбасымен, мал-мүлкімен қолға түсіруге нұсқау береді (Орынбор обл. архиві. 5-қор, 1-т., 15-іс, 60-п.). Жазалауға қарамастан осы жылы наурызда Сырым, Тіленші, Барақ батырлар 1 мың адаммен Антонов форпостын шабады. Маусым айында осы аталған батырлармен бірге Жем бойында кеңес құрып, орыс шептерін шабуға сарбаз жинау үшін әр руға жаушылар жібереді.

Аталған көтеріліс тұсындағы орыс шебіне ең үлкен шабуылдардың бірі 1785 жылы шілдеде өтеді. Барақ, Жиеншора, Тасболат, Жанболат, басқа да батырлар бастаған 1500 сарбаз Таналық (Таналыцкая) бекінісі маңындағы редутқа жойқын шабуыл жасап, станицалық атаман П.Овчинниковті, хорунжий Е.Овчинниковті, капрал С.Рыбкинді, көмекке келген майор Рештейнерді 30 адамымен, майорға шабуыл туралы ескертуге жіберілген капрал Ивановты 20 адамымен, капрал Семеновті 26 адамымен бірге қолға түсіреді. Шайқас кезінде қарсыласқан капрал И.Мелехин, 28 солдат пен казак қаза табады. Бұл оқиға туралы деректер түрлі құжатта там-тұмдап кездескенімен, кейіннен қазақ ауылдарынан қашып шыққан не босатылған тұтқындар-дың әр жылдардағы жауаптарынан шабуылдың жай-жапсары біршама айқындалады. Тұтқыннан босатылған кизилдік батальон солдаты В.Котков капрал Семеновтің шұғыл жиналған 34 адамы ішінде көмекке келген кезде қазақтардың оларды майорға жібермей, 8 адамын өлтіріп, қалған 26-сын түгелдей тұтқындап, Жайықтың арғы жағына алып өткенін айтқан. Пермь жаяу әскер полкінің солдаты Тарасов болса тұтқыннан 14 жылдан соң, яғни 1799 жылы ғана босатылып, аталған ақпардан бөлек, өзінің оның алдында 12 жыл бойы орыс-түрік соғысына қатысқанын көрсеткен. Шабуыл жөнінде Нұралы хан да князь Г.А.Потемкинге 1785 жылы 15 қарашада жолдаған хатында сарбаздардың біраз казакты өлтіріп, бір атаман мен майорды, басқа тірі қалғандарын түгелдей өздерімен бірге әкеткенін жазған. Ханның келесі хатында бұл шабуылды Барақ пен оның ұлдарының, Жиеншора батырдың туыстарымен, ағайынды Тасболат, Жанболат батырлардың (соңғы екеуі атақты Тама Есет батырдың ағасы Қарабастың ұлдары) ұйымдастырғанын атайды. Оқиға барысы Сырым бастаған билердің кейінірек өлке басшысы О.Игельстромға жазған хаттарында да баяндалады, соған қарағанда бұл шайқаста Сырымның өзі болмағанға ұқсайды. Хатта жоғарыдағы батырлар бастаған жасақтың 100-ден аса адамды астарындағы 100-ге жуық атымен бірге қолға түсіргендері айтылады (Ресей мемл. әскери-тарихи архиві. 52-қор, 194-т., 355-іс, 252-п.).

Баяндалған шабуыл Орынбор басшылығын да алаңдатып, обер-комендант кеңсесі мен Шекара істері экспедициясы арасында тұтқындар жайында хат алмасулар жүрген. Ресей шебіне соққы болып тиген бұл шайқас арада тіпті 30 жыл өткен соң да ұмытыла қоймаған. 1816 жылы Орынбор губернаторы, князь Г.Волконский Петербургтегі инфантерия генералы С.Вязмитиновқа жолдаған бір жазбасында қазақтардың «аса зор қарқынмен» шабуыл жасап, командирлерімен қоса барлығы 78 адамды әкеткендерін еске түсірген (Ресей мемл. тарихи архиві. 1282-қор, 2-т., 2130-іс, 15-п.).

Шабуылдың мән-жайы қазақ ауылдарынан әр жылдары қашып шыққан Айтқұл, Мәмбет, Езекей есімді башқұрттардың жауаптарынан да анықтала түседі. Бұлардың екеуі шабуылдың басты жетекшілері ретінде Жиеншора мен Барақ батырларды атаған. Мұнда аталған Жиеншора да – өз кезеңіндегі қас батырлардың бірі. Патша әскері 1774 жылы бір жазалау кезінде оның кішкентай балаларын алып кетіп шоқындырып, ресейлік мещандарға таратып жіберіп, кейін таба алмаған. Балаларын қайтара алмаған Жиеншора осыдан кейін орыс шептерін аямай шауып, адамдарын әкетуге ант еткен екен. 1775–1800 жылдары аралығында ширек ғасыр бойы Орынбор шебін шабумен, адамын әкетумен өткен. Оның есімі өлке губернаторларынан бастап бүкіл шекара халқына аса танымал болған.

Осылайша желісі әртүрлі деректерде там-тұмдап аталатын, қарапайым тұрғындарды емес, бір атаман мен майорды, хорунжийді – барлығы 100-ге жуық әскери адамды (соңғы деректер бойынша 96 адам) тұтқынға алған бұл шайқас қазақ батырларының ең бір тамаша жеңісінің бірі саналады. Бір жорықта 100-ге жуық адамды тұтқындау азаттық күресі тарихында бұрын-соңды кездеспеген еді.

Барақ батыр 1785 жылдың қыркүйегінде жоғарыдағы шабуыл бойынша Орынбордан жіберілген ахун Мұхамеджан Хусейнов бастаған елшілердің қатысуымен болған Кіші жүздегі аса ірі билер кеңесіне қатысады. Осы кеңесте Екатерина патшайым мен барон Игельстром атына жазылған ең ықпалды деген 51 қазақ би-батырының хатына қосылады. 1786 жылы Нұралы хан биліктен кетірілген соң, осы жылы қыркүйекте өткен бүкіл Кіші жүз құрылтайында Шөмішті Табын руының басқарушы биі болып сайланады. 1789 жылдың жазында Барақтың үлкен жасақпен Ресей шебіне жақындағаны жайында дерек бар, оның келуін 260 сарбазымен Жиеншора батыр күткен. 1790 жылы Сырым көтерілісі ішінде екі ағым пайда болған кезде Барақ пен ұлы Асау күресті жалғастыру бағытын ұстанған Сырым тобын қолдайды. Екеуі де оның ең жақын жақтастарының қатарында аталады. 1791 жылдың қазан айында Сырым, Барақ бастаған күрес көсемдері Индер тауларының маңында кеңес құрып, орыс шептеріне шабуыл жасауды жоспарлайды. 1792 жылы Сырым Ресейге соғыс жариялап, 1000 сарбазбен Тұзтөбе, Красногорская бекіністерін шапқанда басқа сардарлармен бірге Барақ та қатысқан.

Барақ Сатыбалдыұлы XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқиғаларға да қызу араласты. Жасы 80-нен асқан шағында да қоғамдық-саяси үдерістен тыс қалмаған, Ресейдің қазақ жеріне жаңа шеп тұрғызуына ашық қарсы шықты. 1822 жылы басталған бұрынғы қарулас серігі Тіленшінің ұлы Жоламан бастаған көтерілісті қатты қолдады, оның рухани дем берушісі болды. Кейбір архив құжаттарына қарағанда Жоламан күресті бастар алдында 1822 жылы көктемде Жем бойында орналасқан Барақ ауылында қарт батырмен кеңесіп, оның батасын алған. Осы жылдың желтоқсан айында Жоламан бастаған Кіші жүздің бір топ биі мен батыры Орынбор губернаторы П.Эссенге Елек бойындағы қазақ жерлерін қайтаруды сұрап жолдаған хатқа қарт Барақ ең алғашқылардың бірі болып «Барақ бин Сатыбалды баһадүр» деген жазуы бар мөрін басқан. Бұл хатқа оның ұлдары Асау мен Қитар батырлар да қосылған. Қарт батырдың деректерде ең соңғы аталуының бірі 1826 жылға жатады. Барақ әулие ұзақ жасап, Сам құмында, қазіргі Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының аумағында жерленген.

Барақтың үлкен ұлы Асау да – атақты батыр әрі би, орыс отарлауына қарсы азаттық үшін күрескен тұлға. Заманының жаужүрек тұлғасы, еліне тас қамалдай қорған болған қолбасшы. Ресей мен Хиуа арасындағы қазақ даласындағы қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене қатысқан. Әкесі сияқты оның ерліктері де ел ішінде аңызға айналған. Жас күнінде Сырым көтерілісіне қатысып, кейбір құжаттарда «Асау тентек» деп жазылады. Оның есімі 1785-1795 жылдары аралығында шабуылдарды ұйымдастырушылар арасында аталады.

Асау Барақұлы 1822-1826 жылдары қазақ тарихындағы ірі қарулы күрестің біріне басшылық жасайды. Ол Жоламан, Адай Сүйінғара, Кете Дербісәлі, Табын Жаналы, Құттыбас батырлармен бірге көтерілістің бас қолбасшыларының бірі болды. Бұл Асау батырдың Ресей өктемдігіне қарсы күресінің ең жарқын кезеңі еді. Аталған 1822-1826 жылдары орыс шептеріне көптеген шапқыншылық жасалды. Құрылған Жаңа Елек шебінің Ветлянский, Сухореченский, Буранный сияқты форпостары мен елді мекендері қазақ сарбаздарының тікелей жойқын шабуылына ұшырады. Оларды ұйымдастырушылар арасында Асау мен оның көптеген ағайын-бауыры да бар еді. Жасақтардың бірін інісі Қитар батыр басқарды. 1822 жылдың желтоқсан айында Орынбор Шекара комиссиясы губернатордың жарлығымен шепке шабуыл жасаған «бүлікшілерді» ұстау туралы берген құпия бұйрығында алдымен ұсталуға тиіс адамдар ішінде Асау мен Қитарды да көрсетеді. Асау батыр да Кіші жүздің көптеген билерінің ішінде 1822 жылы шілдеде Ресей Сыртқы істер министрі, граф К.Нессельродеге, желтоқсанда Орынбор губернаторына жазылған хаттарға қосылып, Ресейде ұсталған Арынғазы сұлтанды және Елек бойын қайтаруды сұрады.

1825-1826 жылдары көтеріліске қарсы дүркін-дүркін қарулы әскер шығарылып, күшпен басылады. Осы кезде 1826 жылдың жаз айларында, Асау Барақұлы мен күрестің бұрынғы қолбасшылары Сүйінғара, Дербісәлі, Қитар, Байғана, т.б. батырлар патша өкіметінің ықпалынан тыс оңтүстік далаларда үлкен қарулы жасақ жинап, азаттық күресінің жаңа ошағын қалыптастырады. Құжаттарға қарағанда бұл күрес ошағы Сағыз, Ойыл өзендерінің бойында топтасқан. Жасақтар Жем өзенінің бойына да шоғырланған. Барлығы бірнеше мың сарбаз жиналған. Осы қимылдан жасы 80-нен асқан қарт Барақтың өзі де тыс қалмай, жиындарына қатысып, ақыл-кеңесін берген. Архивтік деректерге сай 1826 жылдың маусым айында осы күрес ошағынан 2 мың адамдық жасақ Ойыл, Қалдығайты, Бұлдырты өзендерінің бойына жиналған. Бұл әскерді жоғарыдан Барақ Сатыбалдыұлы, Асау Барақұлы, Сүйінғара, Дербісәлі және Байғана батырлар басқарғаны айтылады.

1826 жылы шілдеде осы көтерілісшілер тобынан іріктелген ең таңдаулы деген 500 сарбаз Жаңа Елек шебіне қарай жорыққа шығып, Новоилецк форпосты түбінен бес қарауыл казакты қолға түсіреді. Шыңғырлау өзенінің тұсында өздеріне қарсы тұтқындарды құтқаруға шыққан Жаңа Елек шебінің командирі, есаул С.Аржанухин бастаған казак әскерімен кездесіп, ірі шайқасқа түседі. Олар казактарды қоршап алып оқ жаудырып, жан-жағынан от жіберген. Шайқас жеті сағатқа созылып, осыдан соң жазалаушы әскер кері қайтуға мәжбүр болған, тұтқындарды босата алмаған. Казак жасағын сарбаздар 10 шақырымға дейін қуады, казактар оқ ата отырып шегінеді. Олар сарбаздарға қарсы 800 патрон жұмсап, біраз адамды өлтіреді, солардың ішінде сардарлардың бірі Байғана батыр қаза табады. Көп ұзамай осы сарбаздар Подгорный форпостына қауіп төндіреді. Асау және басқа да қолбасшылар басқарған жасақтар 1827 жылы да, әрекет етеді.

Асау Барақұлы 1827-1833 жылдары аралығында Батыс Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі әлеуметтік-саяси оқиғаларға белсене араласты. Сол жылдары Хиуа тарапымен тығыз байланыста болды. 1827 жылы жазда Хиуа ханы Аллақұлдың өтінішімен Асау батыр Кіші жүздегі билігінен айырылып, осы өңірлерге келген Шерғазы Айшуақұлын хан көтеру рәсімін жасады. Ханның бұл рәсімді басқаға емес, Асауға ұсынуы оның дала төсіндегі беделін көрсететін. 1833 жылы жазда Үстірт жерінде бірге көшіп-қонған, жастары 70-ке келген Асау мен Жоламан батырлар сарбаз жинап, патша өкіметіне кезекті рет қарсы шығады. Оларға қарсы аға сұлтан Баймағамбет Айшуақұлы 4 мың адаммен және казак жасағымен аттандырылады. Ащы Ойыл өзенінің жоғарғы тұсында Асау мен Жоламан 300 сарбазымен осы қалың әскермен соғыспақ болады. Алайда Баймағамбет сұлтан олармен қақтығысқа бармай, басқа жаққа бұрылып кетіп, осы үшін Орынбор әкімшілігінен қатаң сөгіс алады (ҚР Орталық мемл. архиві. 4-қор, 1-т., 4830-іс, 4-5 пп).

Асау мен Жоламанның аз ғана сарбазбен өздерінен күші он есе басым үкімет әскеріне тайсалмай қарсы тұруы олардың азаттық үшін соңына дейін күресуге даяр қайтпас рухтарын көрсетеді. Асау батыр өз өсиетімен әкесі Барақтың қасында, Сам құмында жерленген. Ел аузындағы әңгімелерге сай Асау дүние саларында «Қанша атағым шықса да, әкеме жете алмадым, мені жерлегенде әкемнен төмен қойыңдар» деп айтып кеткен. Тағы бір өсиетінде «Көзімнің тірісінде атым әкемнің атының алдына шығып кетті, өлгенде әкемнен төмен қойыңдар» деген екен. Бұл екеуінің ел ішінде Асау-Барақ аталып кетуі жөнінде болатын.

Әкелі-балалы қос батырдың қысқаша өмір дерегі осындай. Екеуі де – бар ғұмырын ат үстінде өткізген, ел азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға. Алдағы жылы олардың өз серіктерімен 1826 жылғы жаңа күрес ошағын құрған оқиғасына 200 жыл толады. Осындай тарихи даталарды, әкелі-балалы қос батырдың ел мүддесі жолындағы басқа да іс-қимылын негізге ала отырып, оларға Ақтөбе қаласынан ескерткіш орнатқан абзал.

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі,**
**Нұржан ЖЕТПІСБАЙ,**
**Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері**

**2025 жылы IV тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі**

| р/с | Жеке қабылдауды жүргізетін адам *(тегі, аты, әкесінің аты)* | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы | Ауылдық округ әкімі | *Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы* | Апта сайын |

Абай Құнанбаев – 180 жыл

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбаевтың 180 жылдығын атап өтудің маңыздылығы туралы Ұлттық құрылтайда мәлімдеді. Сол уақыттан бері елімізде ұлы ақынның мұраларын түгендеп, шығармаларын кең көлемде насихаттау бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынуда.**

# Абай мұрасы – заман мен ұрпаққа жол сілтеуші



Қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жылдығы – тек қазақ елі үшін ғана емес, күллі түркі дүниесі мен әлемдік мәдениет үшін ерекше мерейтой. Абайдың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы – ұлттың рухани қазынасы, адамзаттық құндылықтардың асыл қайнары.

**Абайдың өмірі мен мұрасы**

1845 жылы Семей өңірінде дүниеге келген Абай жасынан зерек, талапты болып өсті. Ол шығыс әдебиеті мен мәдениетін терең меңгеріп, орыс классиктерінің шығармаларын оқып, әлемдік ой-сананың дамуына үңілді. Сол білім-білігі оның шығармашылығына кең өріс ашты.

Абайдың өлеңдері, қара сөздері қазақ қоғамының болмысын терең ашып, халықты білімге, еңбекке, әділдік пен адамгершілікке үндеді. Оның қара сөздері – философиялық ойтолғаныстың үлгісі, халықты өзін-өзі тануға шақырған рухани бағдаршам іспетті.

**Абайдың дүниетанымдық маңызы**

Абай – тек ақын ғана емес, ұлы ұстаз, ойшыл. Ол білімнің құдіретін жоғары қойып, ғылымға сүйенген ұлт қана алға жылжитынын айтты.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі бес асыл іс (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) бүгінгі күні де әр қазақтың өмірлік ұстанымына айналуға тиіс.

Абай мұрасы – бүгінгі ұрпаққа аманат Ұлы ақынның 180 жылдығы аясында елімізде түрлі ғылыми конференциялар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, оның еңбектері жаңа қырынан насихатталуда. Бұл – жастарды рухани биіктікке тәрбиелеудің, Абайдың өлмес мұрасын дәріптеудің айғағы.

Абайдың сөзі – мәңгілік, ойы – шексіз, өсиеті – өшпес. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ елінің ғана емес, бүкіл адамзаттың игілігі болып қала береді.

**Б.ИСАҒАБЫЛОВ,**
**аудандық соттың бас маманы**
**Судьялар одағының мүшесі**

Сақтансаң, сақтайды

# Газбен улану адам өміріне қауіпті

**Газбен улану – адам ағзасына улы газдардың (әсіресе, көміртегі тотығы – CO) енуі нәтижесінде пайда болатын, адам өмірі үшін аса қауіпті жағдай. Бұл улану көбіне тұрмыстық газ құрылғыларын дұрыс қолданбаған кезде, желдету жүйесінің бұзылуы немесе пешпен жылытылатын үйлерде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан болады.**



Газбен уланудың себептеріне келсек, газ құрылғыларын (пеш, колонка, плита) дұрыс қолданбау бәрінен қауіпті. Желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі де үлкен қатерге алып келеді.

Қыс мезгілінде жылу беру құралдарының ақауына жол бермеу керек. Жабық кеңістікте жұмыс істейтін қозғалтқыштар (мысалы, гаражда жұмыс істеп тұрған автокөлік), отын жағу кезінде түтіннің толық сыртқа шықпауы газбен улануға алып келеді.

Газбен уланудың белгілері де бар. Мәселен, бас ауруы, әлсіздік, жүрек айнуы, бас айналу, сананың шатасуы негізгі белгілері болып табылады. Сондай-ақ тыныс алудың қиындауы, жүрек қағысының жиілеуі де негізгі белгілерге жатады. Тіпті ауыр жағдайларда естен тану, кома, өлімге алып келеді.

Алдын алу шараларына келсек, газ құралдарын тек мамандардың орнатуына және тексеруіне сеніп тапсырыңыз. Желдеткіштердің таза болуын және дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз. Газ құрылғыларын ұзақ уақыт бақылаусыз қалдырмаңыз. Жабық бөлмелерде көмір немесе басқа да отынды жағуға болмайды. Улы газды анықтайтын дабыл қондырғыларын орнатыңыз.

Газбен уланған жағдайда не істеу керек? Алдымен зардап шеккен адамды дереу таза ауаға шығару керек. Жедел жәрдем шақыру (103 нөмірі бойынша) қажет. Киімнің түймелерін ағытып, тыныс алуына жағдай жасау маңызды. Егер адам есінен танған болса, тыныс алу мен жүрек соғысын тексеру қажет. Алғашқы медициналық көмек көрсету (жасанды тыныс, жүрекке жанама массаж) де маңызды.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

**Бөлімдегі бір күн**

# 800-ге жуық науқас ем алған

**Бүгінде аудандық ауруханадағы жұқпалы аурулар бөлімінде жедел ішек инфекциясы, ЖРВИ және тұмау сырқатымен ауырып, ем алып жатқан тұрғындар көп. Науқастардың жай-күйімен танысу үшін сәрсенбінің сәтті күнінде аталған бөлімге арнайы барып, бүгінгі жұмысымен таныстық.**



Бөлім меңгерушісі, инфекционист дәрігер Айгерім Иманмырзаеваның айтуынша, бүгінде бөлімде 22 науқас ем алуда. Оның 6-ауы – ересек, 16-сы – бала. Сөзінше, мұнда науқастар күндізтүні түрлі сырқатпен келеді. Олардың басты міндеті – ауруы асқынғандарға шұғыл көмек көрсету. Мұнда көбіне науқастар тұмау, ұстама, жедел ішек инфекциясы сынды сырқатпен келеді, күніне орташа есеппен 5-6 науқас түседі.

Ол әсіресе қазіргі кезде балалар арасында тұмау өршіп тұрғанын айтады. Бөлімде бұл сырқатпен ауырып жатқан науқастардың ең кішкентайы бір жасқа толмаған 5-6 айлық сәбилер екен. Көбінесе мұнда сырқаты үй жағдайында емдеуге келмей, ауруын асқындырып алған 5 жасқа дейінгі балалар түседі.

Білікті маман оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар өте жиі ауыратынын айтады. Дәрігер бұл жерде емізулі баласы бар ананың иммундық жағдайы маңызды рөл атқаратынын жеткізді, яғни анасының қаншалықты дені сау болса, баласының да жағдайы жақсы болмақ. Қазір көптеген ана жүктілікті жоспарламай, қаназдық секілді сырқаттарды елемегендіктен, баласы да сол сырқатпен жиі ауырып жатады.

Дәрігермен бөлімнің тынысымен танысу үшін палаталарды аралауға шықтық. Шынында, мұнда жатқан науқастардың басым бөлігі 1 жасқа толмаған сәбилер екен. Аналарының айтуынша, балаға үйден ешқандай ем қонбаған. Қазір бөлімге түскендеріне небәрі екі күн болса да, баланың жағдайы әжептәуір жақсарып, дене қызуы түскен.

– Күніне бөлімге 5-6 науқас түседі. Оның басым бөлігі тұмаумен ауырып жатыр. Қолымыздан келгенше барлық науқасқа бірдей қарап, шұғыл көмек көрсетуге, бөлімнен жазылып шығуларына жағдай жасап жатырмыз. Қазір бөлімде 20 төсек орын бар. Бірақ кейде бір мезгілде мұнда 30-40 науқас ем алатын кездер де болады. Сондай сәттерде палаталарға қосымша төсек орын қосамыз. Себебі «бізде тек 20 төсек орын бар» деп қарап тұра алмаймыз. Кез келген науқастың ауруын асқындырмай, толық тәуір болғанша ем алуын қамтамасыз етеміз, – дейді бөлім меңгерушісі.

Айта кетейік, бөлімде 1 дәрігер, 1 аға мейірбике, кейіпкерімізден бөлек 4 мейірбике мен 6 кіші аяжан, 1 шаруашылық аяжан мен 1 ас таратушы бар. Жұқпалы аурулар бөліміндегі жұмыс ауыр, жауапкершілік жоғары. Мамандар мұнда науқастарды емдеуден бөлек оларға толық күтім жасайды. Тәулік бойы науқастардың жанында болып, олардың бойындағы қандай өзгерісті байқаса да, дереу дұрыс шешім қабылдауға тырысады. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, жыл басынан бері 800-ге жуық науқас ем алып шыққан.



– Бөлімге бір күнде түсетін науқастардың көптігі кейде қиындық тудырады. Мәселен, бізде бір күнде 18 науқас түскен кездер де болды. Тіпті тұмаумен бүтіндей бір отбасы жиі түсетін кездер де жиі орын алады. Жақында ғана бір ана бөлімге 5 баласымен тұмауратып түсіп, ем алып шықты. Сондай кездерде арнайы бір палатаны сол отбасыға қосымша төсек орын кіргізу арқылы жабдықтап береміз. Ауыр жағдайдағы түрлі науқастар түсіп жатыр, десе де әріптестеріммен бірлесіп жасаған жұмысымыздың нәтижесінде барлығы жақсы ем алып шықты. Аллаға шүкір, ешқандай өлім-жітім тіркелген жоқ, – дейді ол.

Дәрігер 2023 жылдың аяғы, өткен жылдың басында өкінішке орай ауданда қызылша дертімен тіркелген науқастар көп болғанын айтады. Қызылша – инфекциялық жұқпалы ауру. Көбінесе балаларда жиі кездеседі. Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды. Қазір еліміз бойынша бұл сырқат түрі ең өзекті мәселеге айналды. Себебі ол жылдам жұғып, тез таралуда. Дәрігер облыста бұл дерт әлі де дендеп тұрғанын, ал биыл жыл басынан бері бөлімде қызылша дерті бойынша 1 ғана науқас ем алып шыққанын айтады. Қуантарлығы, өткен жылға қарағанда биыл аталған дертпен ауыратын науқастар қатары едәуір азайған. Мұнан бөлек кене арқылы жұғатын аса қауіпті жұқпалы инфекциялардың бірі – Конгоқырым геморрагиялық қызбасы. Бұл инфекциямен жыл басынан бері 2 науқас тіркеліп, жазылып шыққан.

Инфекционист дәрігер науқастар жедел-ішек инфекциясымен тек жаз мезгілінде ғана емес, қазір де жиі түсіп жатқанын айтады. Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, жуылмаған көкөністерден, құнарсыз тағамдарды пайдалану арқылы жұғады.

– Қазір қауын-қарбыздан емес, сырттан тағамданып жедел ішек инфекциясын жұқтырып түсетіндер көп. Мәселен, фас-фуд тағамдарының ішінде қазір суши өте қауіпті. Өздеріңіз білетіндей, суши – көбінесе шикі балықтан жасалатындықтан сақтауы дұрыс болмаса, тез бұзылатын тағамның бірі. Бүгінгі күннен қалған сушиді тоңазытқышқа сақтап, ертеңіне жеу дұрыс емес. Себебі суши жеп, бөлімге түскен науқастардың жағдайы өте ауыр болады, – дейді Айгерім Иманмырзаева.

Осы ретте дәрігер тұрғындарға дұрыс салауатты өмір салтын қалыптастыруға кеңес берді, яғни бұл – тек спортпен ғана айналысу емес, дұрыс тамақтанып, иммундық жүйені шынықтыру. Қазір көп ата-ана балаларға құнарсыз тағамдарды жиі беріп, оның асқазанын құртып жатқаны жасырын емес, яғни аналар көбінесе тез дайындалатын жеңіл немесе фас-фуд өнімдеріне құмар.

Бөлім меңгерушісі мұнда балалардың үнемі құсып түсіп жататынын, оның бәрі инфекция емес, өт жолдарының бұзылуынан болатынын жеткізді, яғни баланың тамақтануы дұрыс емес. Тіпті 1-2 жасар баланың өзінде бұндай жағдай жиі орын алуда. Сондықтан ол ата-аналарға ең алдымен балалардың дұрыс тамақтану салтдәстүрін қалыптастыруға, балаға үйдің тағамын, асылған ет тағамдар беруге кеңес берді. Бұл әрине, иммундық жүйенің қалыптасуына оң әсер етеді. Асқазан, ішек жолы, өт жолдарын дұрыс қалыптастырады. Сондай-ақ уақытылы балаларға екпе салдыру қажеттігін де қаперге салды. Себебі кез келген жұқпалы дертке салғырт қарауға болмайды.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**

**Брифинг**

# Қатерлі ісіктен 13 адам қаза тапқан



**Соңғы жылдары елде онкология сырқатымен ауыратын науқастар саны азаймай тұр. Мамандар жыл сайын 40 мыңнан аса адамнан қатерлі ісік ауруы анықталатынын айтады. Оның басым бөлігі сүт безі обырына шалдыққан. Екінші орында тоқішек және тікішек қатерлі ісігі тұр. Үштікті өкпе, асқазан, ұйқы безі ісігі түйіндейді. Ал аудандағы ахуал қандай? Дертті дендетпей, қалай емдейміз? Бұл сұрақтың түйінін аудандық емханадағы онколог дәрігер, денсаулық сақтау саласында 30 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман Дүйсенби Ойнаров БАҚ өкілдерімен өткен брифингте тарқатты.**

Елімізде жыл сайын шамамен 30 мыңға жуық адамға онкология сырқаты бойынша ота жасалады. Қазір жалпы онкологиялық есепте тұрғандардың саны 230 мыңнан асқан. Өкінішке орай жыл сайын бұл дерттен 12 мыңға жуық адам көз жұмады.

Спикер мұны тұрғындардың денсаулығына салғырт қарауымен байланыстырады, яғни көбінесе науқастар ісік ауруы асқынғанда ғана маманның көмегіне жүгінеді. Ол дерттің үшінші, төртінші сатысына шалдыққандарға шипа қонуы қиын екенін, сол үшін уақытылы скрининг тексеруден өтіп тұру керектігін айтады.

Онколог дәрігердің айтуынша, аты жаман ауру әсіресе әйелдер арасында белең алуда. Ең сорақысы, дерт жыл сайын жасарып келеді. Бұрын сырқат 40 жастан асқан адамдарда кездессе, қазір жастар арасында кең тараған. Мәселен, облыс бойынша 8 айда 919 науқас аталған дертке шалдыққан. Оның 104-інен аурудың асқыну сатысы анықталған. Ал 263 адам өкінішке орай көз жұмған. Спикер халықтың «онкология» деген сөзден қатты қорқатынын, қатерлі ісіктің аяғы үнемі өліммен аяқтала бермейтінін айтады.

Спикердің сөзіне сүйенсек, аудандағы әйелдер арасында сүт безі мен тері қатерлі ісігі ауруы көбейген. Сүт безі сырқатының алдын алу үшін ол жүкті аналар мен жаңа босанған аналарды күйзеліске түспеуге шақырды. Сондай-ақ онкологиялық аурулардың көшін бастап тұрған кеселдің тағы бір түрі – тікішек кеселі. Дерттің бұл түрі әйелдер мен ерлерде де жиі кездеседі. Әсіресе егде жастағылардың арасында көп. Сонымен қатар ер адамдарда ішек аурулары, тоқішек аурулары да көбейген. Кейіпкеріміз аталған сырқат түрлерінің алдын алу үшін тұрғындарға уақытылы дәрігердің қабылдауына келуге кеңес берді.

– Қатерлі ісіктің қай кезеңінде болсын, оның ішінде III және IV сатысында да аурумен күресу керек. Аурудан толық айығу үшін дәрігер ұсынған талдаулардан уақытылы өтіп, қорықпай қаралып тұру қажет. Ал бізде тұрғындар қабылдауыма бір-ақ рет келіп, одан қандай да бір қатерлі ісік түрінің алғашқы сатылары анықталып тұрса, ауруды асқындырып алмаудың орнына, «мен науқаспын, аурудың емі жоқ» деп өз-өздерін емдеуден бас тартады. Аурудың емі жоқ емес, бар. Сырқат I және II сатысында анықталып, жазылып шыққандар көп. Алайда сырқатын елемей, асқындырып алғандар да көп. Сондықтан алдыма келген науқастарға да, аудан тұрғындарына да үнемі скринингтік талдаудан уақытылы өтіп, денсаулығында қандай да бір кінәрат барын байқаса, дереу емделуге кеңес беремін. Бізде жасалатын анализдер тегін, дәрідәрмек жеткілікті. Тек тұрғындардан емін орта жолда тастамай, толық алып шығу ғана сұралады, – дейді ол.

Мұнан кейін онколог дәрігер аудандағы ахуалға тоқталды. Тарқатып айтсақ, ауданда 260 науқас есепте тұр. Былтыр 9 айда жаңадан 36 науқас тіркеліп, 5-еуі қайтыс болған. Спикер журналистердің «Аудандағы биылғы ахуал қалай?» деген сұрағын да жауапсыз қалдырмады. Сөзіне сүйенсек, жыл басынан бері 8 айда жаңадан 27 науқас тіркеліп, оның 4-еуінен асқыну сатысы анықталған. Өкініштісі, 13 науқас дертті дер кезінде емдемей, көз жұмған. Тарқатып айтсақ, 27 науқастың 6-ауы сүт безі, 4-еуі қалқанша безі, 4-еуі өкпе қатерлі ісігі, 2-еуі өңеш, 2-еуі асқазан, 3-еуі жатыр мойны сырқатымен есепте тұр. Спикер өткен жылға қарағанда биыл тұрғындар арасында дерт дендеп бара жатқанын жасырмады. Сол үшін дер кезінде көрініп, ауруды асқындырып алмауға кеңес берді. Айта кетейік, дертке шалдыққандардың арасында ең үлкені аурудың асқынған түрімен, яғни жатыр мойны ісігімен ауыратын 77 жастағы науқас болса, ең жасы – 22 жастағы тұрғын.

– Былтыр қыркүйек айында қабылдауыма бір жас бала келді. Қажетті анализдерін алып, қорытындысы шыққаннан кейін диагноз қойып, ем жүргізіп бастау керектігін айттым. Алайда науқас денсаулығына мән бермей, ем жүргізуден қашып жүрді. Араға бірнеше ай салып алдыма қайта келді, өкінішке орай ол кезде тексергенімде дерт асқынып кеткен. Ешқандай ем қонбады, тіпті денсаулығы отаға да жармады. Өкінішке орай көп ұзамай о дүниелік болды. Сол үшін де мен науқастарға үнемі «уақытылы емделіңіздер, денсаулық ең алдымен өздеріңізге керек» деп айтамын. Жоғарыда айтып өткенімдей, ауруды жеңу өз қолыңызда. Аурудың алғашқы сатысынан ем алып, толық жазылып шыққандар көп. Солардан үлгі алып, денсаулыққа немқұрайлы қарамау керек, – дейді спикер.

Білікті дәрігердің қабылдауына күніне 15-20 адам келеді. Ол әйелдер арасында қалқанша безінің обыры көптігін айтады. Аптасына 10-12 әйелді осы диагноз бойынша қосымша тексеруге жібереді. Дүйсенби Аманкелдіұлы брифинг барысында тұрғындарды тексеріп, анализ тапсыруына емхана тарапынан ешқандай қиындық жоқ екенін тілге тиек етті. Қандай да бір науқасты ауруынан айықтыру үшін ауруханаға жатқызу керек болса, облыстық онкология орталығына портал арқылы жіберетіндерін айтты.

Расында әр адамның денсаулығы өз қолында. Салауатты өмір салтын ұстанып, уақытылы тамақтанып, ішімдік пен шылымнан, газды сусындардан бас тарту арқылы аурудың алдын алуға болады. «Онкология» деген сөзден үркіп, ауруды жасырғанмен соңы жақсылық әкелмейтінін ертерек ұғып, дерт дендемесін десек, дәрігердің айтқанына құлақ асқанымыз жөн.

**А.ЕРЖАНҚЫЗЫ**

**Маман мерейі**

**Әсел Үмбетова – денсаулық сақтау саласында 10 жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Бала күнінде анасының мейірбике болғанына қарап, дәрігер болуға қызыққан ол мектеп бітірген соң Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне оқуға түскен. Алғаш еңбек жолын аудандық емханада аймақтық дәрігер болып бастаған кейіпкеріміз бүгінде балалар көз дәрігері болып еңбек етуде.**

**Әсел Үмбетова, офтальмолог дәрігер:**

# Балалар арасында көз ауруы жиілеген



– Анам мейіргер болып ұзақ жыл еңбек етті. Оған қарап мен де осы салаға қызығатынмын. «Дәрігер боламын» деп шешім қабылдағанда бұл ойымды ата-анам да қуана-қуана қолдады. Оқуға түскенде бастапқыда барлық саланы оқытады. Кейін әр студент медицинаның ішінде өзіне жақын саланы таңдайды. Маған офтольмология саласы қызық болды. Өзіңіз білетіндей, қазір көз ауруы көп, яғни балалардың 80 пайызының көру қабілеті нашар, – дейді Әсел Маратқызы.

Білікті маман мектепке балалардың саулығын тексеруге барғанда көптеген баланың көзінің көру деңгейі нашарлағанын айтады. Жасыратыны жоқ, қазір 1 жасқа толмаған айлық балаларға да «жыламаса болды» деп ұялы телефон беріп қоятын аналар көп. Ал оның балаға тигізіп жатқан кері әсерін түсіне бермейді. Баланы телефоннан бірден тыйып тастау мүмкін болмаса да, шектеу қойып үйрету керек. Экран алдында ұзақ отыратын баланың тек көру қабілеті ғана емес, тілі де кеш шығып жатқанын күнделікті жаңалықтардан да естіп жүрсіз. Түрлі аурудың басты себебі де осы смартфон. Қазір балалардың көпшілігі ұялы телефон, планшет, компьютерді шектен тыс пайдаланады. Сондықтан дәрігер ата-аналарға 5 жасқа дейінгі балаларына мүлде ұялы телефон бермеуге кеңес береді.

Сондай-ақ қазір көз ауруының кең тараған жұқпалы түрі коньюктивит балалар арасында бас көтеріп жатқанын жеткізді. Біз барған күннің өзінде қабылдауына дәл осы диагнозбен 3 науқас шағым айтып келген. Кейіпкеріміздің айтуынша, көз ауруы жас таңдамайды. Туабітті көзі көрмейтіндер де, жасқа толмаған балалар арасында да бұл дерт дендеп барады. Өкінішке орай ауданда туабітті көзі көрмей туылған нәрестелер де бар. Дәрігер бұны әртүрлі себептермен байланыстырады, яғни баланың көзі анасының құрсағында жатып дұрыс дамымай қалуы немесе мерзімен бұрын босануы да бұған басты себеп болуы мүмкін.

Айта кетейік, көру қабілеті нашар балалардың барлығына бірдей көзілдірік кию шарт емес. Науқас аурудың алғашқы сатысында дәрігердің қабылдауына келіп қаралса, көзілдіріксізақ көзге тамызатын тамшылар арқылы көру деңгейін жақсартуға болады. Алайда көбінесе мектеп оқушылары көзілдірік киюден қашып, емделуге уақытылы келмейді. Көздің басқа мүшелерден артықшылығы кез келген адам ақпараттың 90 пайызын көзбен көру арқылы қабылдайды. Сондықтан дәрігер әсіресе жастарға дәрігер тағайындаған емнен қашпай, көздің көру қабілетін алғашқы сатысында жақсартуға кеңес берді. Ол күніне 20-ға жуық науқас келсе, оның басым көпшілігі мектеп жасындағы балалар екенін айтты. Мәселен, оның бүгін қабылдауына бір бойжеткен келіпті. Арнайы аппаратқа түсіріп тексергенде науқастың өкінішке орай көзінің жиырма-ақ пайыз ғана көру мүмкіншілігі бары анықталған.

– Науқастардың көзіне қандай да бір күрделі ем немесе ота жасау қажет болғанда Алматы қаласына порталмен жібереміз. Отадан кейін науқастарды үнемі бақылауда ұстап, жіті қадағалап отырамыз. Сондай-ақ есепте тұратын науқастарды да жиі тексеруге шақырып, қажетті аппараттарға түсіріп отырамыз. Іште көздің көру қабілетін анықтайтын құралмен және көзішілік қысымды өлшейтін, көз ауруларын анықтау кезінде қолданатын қажетті құрал-жабдықтар бар, солардың көмегімен науқасқа қажетті диагноз қойып, ем тағайындаймыз. Ал 5 жасқа дейінгі балалар әріп танымайтындықтан түрлі жануарлардың суреттерін көрсету арқылы тексереміз. Сурет пен науқастың арақашықтығы – 5 метр, – дейді дәрігер.

Айта кетейік, қазір балалар арасында көз жыпылықтату деген ауру түрі де көп. Бұл да – телефонға ұзақ уақыт телміріп отырғанның салдырынан туындайтын ауру. Дәрігердің айтуынша, көз 80 пайыз ылғал болып тұру керек. Ал егер көздің ылғалдығы басылып, көз құрғап кеткенде бала жиі көзін жыпылықтататын болады. Мұнан бөлек балалар арасында орталық жүйке жүйесінің перинатальдық зақымдалуы да жиі орын алуда. Оны дер кезінде емдемесе асқынып, дерт күшейе береді. Шыны керек, көптеген аналар бұл сырқатқа салғырт қарайды. «Кезінде аса қатты мән бермеп едік» деп асқынғанда қаралмай, аурудың алдын алып дер кезінде емдеген жөн.

Тағы бір айта кететін жайт, балалар арасында миопия ауруы да өршіп тұр. Бұл – көздің шыны тәрізді мөлдір қабағының бұзылуы, көз түбінің зақымдануы. Дәрігердің айтуынша, миопияға шалдыққан балалар жақындағы заттарды ғана анық көріп, алыстағыларды бұлыңғыр етіп көреді. Сондай-ақ басы жиі ауырып, көзі шаршап, алыстағы затқа қараған кезде көзін сығырайтып қарайды. Телефон немесе кітап оқығанда да жақыннан ғана қарауға тырысады. Дәрігер бұл дертті дер кезінде емдемесе баланың көру қабілетін одан әрі нашарлай түсетінін айтады. Тек алыстағы заттарды ғана емес, жақын тұрған заттарды да көру қабілеті қиындайды. Сондықтан ата-аналар балаларынан осындай белгілерді байқаса, дереу тексерткені жөн.

Айта кетейік, кейіпкеріміз осыдан екі жыл бұрын кент орталығынан жеке оптика клиникасын ашқан. Ол жақта тек балалар ғана емес, үлкендер де дәрігердің жұмыстан тыс, демалыс күндері қабылдауына жазылып, кеңес ала алады. Ал дәрігер тұрғындарға қажетті ем-шара жүргізіп, көзілдірік тағайындайды. Аурудың жеңілі мен жақсысы жоқ. Сондықтан бала саулығына салғырттық танытпайық. Медициналық құрылғылар жыл сайын жаңарып жатқан заманда ауруды асқындырмай, бала көзіне көз жұма қарамауды үйренгеніміз абзал. Маман кеңесінен түйгеніміз осы.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1642

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ